

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым



V00065

30.09.2020 ж

2

0

2

0

НУРЫМЖАНОВА

АНАРКУЛЬ ЕРКЕНОВНА

Қарағанды қаласы КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»

II-санатты тәрбиеші

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

30.09.2020 ЖЫЛ | № V00065

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

**Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»
II-санатты тәрбиеші: Нурымжанова Анаркуль Еркеновна**

БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Мектепке дейінгі балалар білім мен тәрбиені балабақшадан алады.

Әрбір тәрбиешінің міндеті саналы, адамгершілігі мол ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Баланың алғашқы қадамы және қоғаммен араласуы балабақшадан басталуы да сондықтан деп білемін.

Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшада жалғасын табады. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол баланың бойындағы қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүйуге, батыр да батыл болуға тәрбиелейміз. Ертегі тыңдау арқылы бала оған қызығып еліктейді.

Ұлы педагог В. А. Сухомлинский: «Үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр тұлға өзінің рухани дамуына қажеттінің бәрін де ертегіден алады» деп айтқандай, мен өз тәжірибемде, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және сөйлеу қабілетін ертегілер арқылы дамытамын.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығын оята отырып, ертегі кітаптарды тыңдай білуге үйрету, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Ертегі – қай халықтың болсын ертеден келе жатқан көне жанрларының бірі болып келеді. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа ертеден таралып келе жатқан мұра десекте болады. Ертегілер өз сюжетіне қарай халық ертегісі, тұрмыс-салт және жануарлар туралы, қиял-ғажайып ертегілері болып бөлінетіні бәрімізге мәлім.

Осы ертегілерді бала бойында ұмытылмастай етіп қалдыру үшін, ертегіні әр түрлі әдіс-тәсілдермен жеткізуге болады.

Мен балаларға ертегіні оқып қана қоймай, рөлге бөліп ойнатамын. Бейнетаспа арқылы ертегілерді көрсете отырып, кейіпкерлердің мінез-құлықтарына, әрекеттеріне назар аудартамын.

Өйткені ертегілер ішінде жақсылық пен жамандық, батырлық пен жауыздық, қорқыныш пен әділетсіздік бәрі бірге жүреді. Ертегілерді сахналатуда балаларға кейіпкерлердің мінез-құлықтарын эмоция, дауыс ырғағы арқылы көрсете отырып, әрбір кейіпкердің жақсы жағын үйренуге, жаман жағынан жиренуге тәрбиелеймін. Өйткені мектеп жасына дейінгі балаларға, «жылы дауыспен» айтылған ертегілер, жұмбақтар, қызықты әңгімелер, тақпақтар балалардың жан дүниесіне әсер етеді және ақыл-ойын тез жетілдіреді деп ойлаймын.

Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала, ақылды, ойы зерек болып өседі. Ертеректе әжелеріміз «Ерте, ерте, ертеде...» деп балаларды ошақбасына жинап алуы да сондықтан. Ертегілер арқылы баланы тәрбиелеудің маңызы зор, ертегі баланы:

Сюжетті сахналай білуге;

Өз пікірін айта білуге;

Сөйлеу қабілетін дамытуға;

Ауызша сөйлегенде сөздік қорын арттыруға;

Жағымды жағымсыз қасиеттерді ажырата білуге үйретеді.

Мәселен, «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің бет-пердесін қолданып ойнатуға болады. Мұндағы ертегі кейіпкерлерін ойнаған (шалқан, атай, әжей, немере қызы, күшік, мысық және тышқан) балалар әр рөлге ене отырып, кейіпкерлердің көңіл-күйін сезініп, өз эмоцияларын білдірді, дауыс ырғағын сала отырып, қимыл-қозғалыс арқылы жоғары деңгейде сахналауға болады. Бұл ертегі арқылы балалар отбасындағы татулықты, ауызбіршілікті көрсетті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау негізінде жобасы іске асырылуда.

Соның негізінде күнделікті күннің бірінші жартысында таңғы асқа дейін балалармен бірге ертегі-кітаптар оқу. Кейін сол оқыған ертегілерді талқылап, ертегі әлеміне саяхат жасап, кейіпкерлерді ермексаз арқылы мүсіндеп, суретін саламыз. Кейде балалармен ертегіні қайта жазу, толықтыру тәсілін пайдаланып, ертегінің соңын өзгертіп, тіпті кейіпкерлерді алып тастау немесе қосу арқылы баланың ішкі әлемін босатып, сиқыршы болуға да мүмкіндік беру.

Осы ертегі арқылы бала бойындағы шығармашылық қасиеттерін ашу арқылы қызықтыру. Сондай-ақ балаларға ертегілерді үйретуде заманауи технологияларды қолдану.



Фетрден жасалған «Ертегі-үйшікте» бір емес, бірнеше ертегі кейіпкерлері жасырылған. Ондағы ата мен әже бір емес, бірнеше ертегіге қатыса алады. Сондықтан бұл «ертегі-үйшік» бірнеше ертегілерді топтастырып, толықтырып отырады.

Балаларды тәрбиелеуде ертегілерді күнделікті ұйымдастырылған оқу-қызметінде, тәрбие барысында үнемі қолданысқа енгізу.

Балаларға ертегілерді оқи отырып, балалардың қызығушылығын оятып, сөзді тыңдай білуге, анық сөйлеуге үйрете отырып, адамгершілікке тәрбиелейміз. Ертегілердің тіл дамыту құралы болып табылатыны сондықтан да баршамызға мәлім екені белгілі.

**Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»
II-санатты тәрбиеші: Нурымжанова Анаркуль Еркеновна**

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Сенсорика.

Тақырыбы: «Дөңгелек күн»

Мақсаты: балаларға таныс геометриялық фигуралар (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) туралы білімді бекіту; тапсырыспен сөздік мағынасы бойынша, заттар түсіне бағытала заттарды іріктеп таңдауды үйрету;

Дамытушылығы: балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, естесактауды көрнекі-бейнелік ойлауды дамыту;

Тәрбиелігі: балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермен байыта отырып, қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп талпынушылық пен білуге деген құмарлыққа тәрбиелеу;

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Балаларға күн туралы өлең оқу.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар: құрсау геометриялық фигураларға ұқсас заттардың суретті; геометриялық фигуралар (шеңбер, үшбұрыш, шаршы) бейнеленген карточкалар; геометриялық фигуралар салынған қапшық.

Билингвалдық компоненті: дөңгелек-круг.

Мотивациялық қозғаушы

Ойындық жағдаят.

Педагог балалардың дөңгелек сызық бойына тұруын сұрайды.

-Балалар, қараңдаршы, біздің дөңгелек қандай үлкен. Ол күнге ұқсай ма?

-Кәнеки, біздің күнімізге сәулелер жасайық. Оң қолдарыңмен құрсауды ұстаңдар, ал сол қолдарыңды сыртқа қарай созыңдар. Міне, біз сәулелер сияқтымыз!

Балаларға әткеншек ойнау ұсынылады.

-Күн, құрсау қандай пішінге ұқсайды?

Билингвальды компонент: дөңгелек-круг.

Балалар дөңгелек

сызық бойына

тұрады.

-Иә күнге ұқсайды.

Педагогтің айтқанын орындайды.

-Дөңгелекке.

Қайталайды: дөңгелек-круг.

Іздену-ұйымдас тырушы

Үстелде геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың суреттері қойылған.

Балалардан сұрайды:

-Заттар қандай пішіндерге ұқсайды?

Әр балаға кез келген затты таңдап және сәйкес белгісіне қарай (пішіні бойынша) үстелге қоюды ұсынады.

Балалардан заттардың түсі мен өлшемін анықтап сұрайды. Заттың пішінін саусақпен жүргізіп шығуларын ұсынады. Балалардың заттарды дұрыс орналастырғанын тексереді.

Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті.

Келе жатты үйлеріне үш аю,

Ең үлкені іштерінде әке-аю.

Сәл аласа бойыменен ана-аю.

Ал ұлдары болды ғой тым кішкентай,

Жүрген еді, сылдырмақты тастамай.

Рефлексивтік- түзетуші

«Қапшықтан алып шық» ойын.

Үстел үстіне бір фигураны қояды. Балалардың біреуі шығып, қапшықтың ішінен дәл сондай фигураны табуларын сұрайды.

-Бүгін біз геометриялық пішіндегі ажыратуды үрендік, олардың неге ұқсайтынын білдік. Сонымен қоса, олардың әртүрлі түстер мен өлшемнен болатынын білдік. Жарайсыңдар!

Күтілетін нәтиже:

біледі: геометрия пішіндерге ұқсас заттардың атауын; пішіндер атауын (шеңбер, шаршы үшбұрыш);

игерді: пішіндердің түсі және пішіні бойынша салыстыру дағдысын;

Меңгерген : көрсетілім мен сөздік сипаттамаға бағыттар отырып, заттарды жинақтауды.

**Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»
II-санатты тәрбиеші: Нурымжанова Анаркуль Еркеновна**

Білім беру саласы: Коммуникация

Бөлімі : Сөйлеуді дамыту

Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы: Киім дүкені.

Мақсаты: Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету.

Дамытушылығы: Балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту.

Бір -екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.

Тәрбиелігі: Ұқыптылыққа баулу.

Көрнекіліктер: жазғы және қысқы киімдер бейнеленген сурет, қуыршақтың киімдері.

Сөздік жұмыс: киім.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

1. Ұйымдастырушылық кезең .

Балаларды жартылай шеңберге отырғызып, бір -біріне жақсы сөздер айтуды ұсынады.

– Әдемі бол, жақсы бол, ұл кен бол, ақылды бол! Балалар педагогтің көмегімен жақсы сөздер айтады .

2.Негізгі кезең.

Су ретке көңіл аударып, жазғы және қысқы киімдерді атайды.

Мысалы: көйлек, туфли, пальто, малақай т.б.

– Бал алар, кәне, бәріміз үстіміздегі киімдердің аттарын айтайықшы.

– Айдана, сенің үстінде қандай киімдер бар?

– Дулат, сенде қандай киімдер бар? Балалар үстеріндегі киімдерді қуанышпен жарыса айтуға тырысады.

Балаларға қуыршақтар таратып бер іп, бүгін киімдер дүкеніне баратынын айтады. «Киімдер дүкенінен» қуыршақтарына киім сатып алып берулерін өтінеді. Балалар дүкенге келіп:

– Мен мына киімді аламын, – деп сатып алады. Қандай киім сатып алғанын, оны не себепті алғанын, және түстері туралы әңгімелейді. Балаларды сұраққа жауап беруге, әңгімелесуге тартады.

– Мен көйлек кигіземін, себебі қуыршағым – қыз бала. Көйлектің түсі қызыл. Көйлегі әдемі.

– Мен шалбар кигіземін, өйткені қуыршағым – ұл бала. т.б .

Сергіту сәті.

«Бір, екі, үш» , – деп

Алақанды соғамыз.

Жоғары -төмен қараймыз,

Орнымызды табамыз.

1. «Бұл не?» дидактикалық ойыны. Шарты: киімдердің суреттерін көрсетеді.

2. «Ажырат!» дидактикалық ойыны. Шарты: қысқы киімді көк, жазғы киімді жасыл сөмкеге сызып көрсету. Осыл айша қандай киім алғанын, қандай киім кигізгенін, аттарын, түстерін әңгімелеуге тырысады. Қысқы, жазғы киімдерді ажыратуға тырысады.

3. Рефлексия .

Балаларға сөйлеуге, тіл байлықтарын дамытуға көмектеседі. Әңгімелеуге талпынғандарын бағалайды. Балалар сөйлеп үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

жасайды: киімді сипаттай алуды;

түсінеді: жазғы және қысқы киімдерді ажыратуды;

қолданады: 2–3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрауды